

**«Ақбұлақ негізгі орта мектебі» КММ.  
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1**

29 тамыз 2024 жыл

Аққошқар ауылы  
Қамқоршылық кеңесінің жиналысы  
Қатысқандар: 10

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп жанынан қамқоршылық кеңесін құру – мектеп директоры Ақмұрза А.Қ.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Ақбұлақ негізгі орта мектебі» КММ директоры Ақмұрза А.Қ «Қамқоршылық кеңесін құру және оның атқаратын міндеті жайлы» жиналысқа қатысқандарға баяндап, түсіндіріп шықты.

Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі– бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі, - деп сөзін аяқтады. Қамқоршылық кеңес мүшелері оқу жылының басында ұйымдастырылған «Мектепке жол» қайырымдылық іс – шараларына қатысып мектебіміздегі аз қамтылған отбасы және көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың оқу-құралмен және киіммен қамтамас етілуін қадағалап, әлеуметтік педагогпен біріккен жұмыс жүргізеді.

**Шешім:**

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары құрылсын.  
Қамқоршылық кеңестің төмендегі құрамы бекітілсін.  
Нақып Ә.З – қамқоршылық кеңесінің төрайымы;  
Джалғасбек Ө.М. – кеңес хатшысы;  
Абдибек Г.С. – кеңес мүшесі;  
Тулөпбергөнулы Р. – кеңес мүшесі;  
Байдильдина Г.С. – кеңес мүшесі;  
Амангельдина Т.М – кеңес мүшесі;

Кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Нақып Ә.З.  
Джалғасбек Ө.М.